



Финансирование  
Европейского Союза



hej!support  
health · environment · justice



ЭКОДИАЛОГ

# Әйелдер мен жастар іс-қимылда: жергілікті деңгейдегі экологиялық бастамалар



# Экологиялық мәселелерді шешудегі жастардың рөлі

➤ Жастар – белсенді және бастамашыл, ерекше әлеуметтік-демографиялық топ. Жас адамдар өмір жолының басында тұр, бұл кезеңде олар мәдениетке, білімге, экономикаға араласып, құндылықтық бағдарларын қалыптастырады.

➤ Қазіргі таңда жастар экология мәселелеріне барған сайын көбірек қызығушылық танытып, белсенді түрде қатыса бастады. Олар саналы әрекет етуге, экологиялық белсенділіктің мәнін түсінуге және өз еңбегінің мемлекеттік саясатты жүзеге асырудағы нақты нәтижесін көруге ұмтылады.

➤ Жастар өз күштерінің нәтижесін көруге мүмкіндік беретін жобаларға белсене қатысуда. Мысалы, аумақтарды тазалау бойынша еріктілік акциялар, қалаларды көгалдандыру жобалары, экологиялық соқпақтар жасау, қоқысты сұрыптап жинау бағдарламаларын әзірлеу және жүзеге асыру, сондай-ақ жануарларды қорғау бағытындағы экологиялық зерттеулер мен акцияларға қатысу. Осындай тәжірибе жастардың білімін нығайтып қана қоймай, қоршаған ортаға деген жауапкершілігін және отансүйгіштік сезімін қалыптастырады.



# Жастардың экологиялық бастамалары



- 2025 жылдың жазында Ақмола облысының Зеренді ауылында БҰҰ Даму бағдарламасының (БҰҰДБ) ұйымдастыруымен өткен «Климат күтпейді» атты жазғы климаттық лагерь ПРООН-ның тоғыз елді, соның ішінде Қазақстанды қамтитын «Климаттық сандық» аймақтық бастамасының бір бөлігі болды. Лагерь бағдарламасы биоалуантүрлілік, энергия
- тиімділігі, климаттық осалдық және су ресурстарын үнемдеу сияқты негізгі экологиялық тақырыптарды қамтыды. Лагерь қатысушыларының жобалары климатқа қатысты
- түрлі мәселелерді — су ресурстарынан бастап тұрақты ауыл шаруашылығына дейін — қамтиды.

# Климаттық лагерь қатысушыларының жобалары



➤ Петропавл қаласының оқушысы София Мирманова дүкендердегі жарамдылық мерзімі аяқталуға жақын өнімдерді мұқтаж жандарға қайта бөлу жобасын ұсынды. Софияның жобасы сарапшылар тарапынан ең жоғары бағаға ие болып, 2025 жылдың күзінде ол өз жобасын таныстыру үшін халықаралық жастар климат фестиваліне барады.



➤ Ал Астана қаласындағы Назарбаев Зияткерлік мектебінің (НЗМ) 9-сынып оқушысы Ернар Талғат «ФитоБот» атты жобаны әзірледі — бұл жасанды интеллект (ЖИ) көмегімен өсімдік ауруларын анықтайтын интеллектуалды робот. Ол зақымданған учаскелерді дәл анықтап, топырақты сақтауға және ресурстарды үнемдеуге мүмкіндік береді.

# Эко-байқаулар мен экологиялық жобалар фестивальдері

- Атбасар ауданында Жастар ресурстық орталығы жанындағы «Helpinghand» еріктілер корпусы өңір тұрғындарын қоршаған ортаға деген көзқарасты өзгертуге және тұрмыстық қалдықтарды сұрыптау арқылы еліміздің экологиясын жақсартуға атсалысуға шақырады.
- Қазақстанда «Жасыл даму» АҚ қолдауымен Екіншілік шикізатты қайта өңдеушілер қауымдастығы ұйымдастырған EcoSummer 2025 экологиялық бастамалар байқауы басталды. Байқаудың мақсаты — қалдықтарды бөлек жинау мәдениетін дамыту. Байқау төрт номинация бойынша өтеді. 18 жасқа дейінгі жастар үшін «Жас Эко-елші» атты арнайы санат қарастырылған. Негізгі бағалау критерийі — жиналған қайта өңделетін қалдықтардың ең көп көлемі. Қалдықтар таза, құрғақ және қайта өңдеуге жарамды болуы тиіс.

# «Таза Қазақстан» бастамасы

- «Таза Қазақстан» — еліміздің барлық елді мекендерінде жүзеге асырылып жатқан мемлекеттік экологиялық жоба.
- Бұл бастама аясында жастар экологиялық жобаларға белсенді түрде тартылады. Олардың қатысуы еңбек жасақтары, еріктілер қозғалыстары, сондай-ақ «Жасыл ел», «Экорейнджерлер» сияқты жобалар арқылы жүзеге асырылады.
- 2024 жылы Атбасар ауданында өткен ауқымды экологиялық акция бес аптаға созылып, әр апта белгілі бір тақырыпқа арналды.

Акция барысында қатысушылар аулалар мен көшелерді тазалады, ескерткіштерді абаттандырды, ағаштар отырғызды және өзендерді тазартты.

Осы уақыт ішінде Атбасар ауданында барлығы 1613 көшет отырғызылып, 365 тонна қоқыс пен қалдықшығарылды.



# Студенттік бастамалар



- Алматы қаласында «Таза Қазақстан» жобасы аясында Satbayev University базасында экохаб ашылды. Бұл жоба студенттерді қалдықтарды бөлек жинауға және экологиялық мәдениетті қалыптастыруға тартуға бағытталған. Экохабта пластикалық қалдықтарды өңдеу бойынша белсенді жұмыс жүргізілуде: пластикті ұсақтайтын велошредерлер орнатылып, экструдерлер іске қосылған. Ұқсас экохабтар мегаполистегі барлық оқу орындарында ашылады деп жоспарлануда. Біріншісі – ҚазГАСА, ал тағы бірнеше университет жобаны жүзеге асыруға дайындық үстінде. Бұл бастама экологиялық мәдениетті дамытудағы маңызды қадамға айналып, өз мүмкіндіктерін кеңейтіп келеді. Болашақта барлық әзірлемелер біріктіріліп, қала бойынша қозғалатын экотрак жасау көзделген.

# Экологиялық мәселелерді шешудегі әйелдердің рөлі

➔ Әйелдер экологиялық мәдениетті дамытуға зор үлес қосуда. Олар экожүйелерді сақтау, табиғатқа түсетін салмақты азайту және тұрақты даму қағидаттарын ілгерілетуге бағытталған түрлі жобаларды бастамашылық етуде.


➔ Онлайн экологиялық білім беру мектебінің негізін қалаушы Тоғжан Уәзиханова – экология және экологиялық ағарту саласындағы белсенді әрі көшбасшы. Тоғжан өзімен бір пікірдегі командасымен бірге балалар мен ересектерге арналған онлайн-мектеп ашты. Бұл мектеп экологиялық әдеттерді қолжетімді оқыту бейне-сабақтары арқылы үйретеді. Жобаның идеясы әріптесінің бастамасымен кеңседе қызметкерлердің пайдаланылған су бөтелкелерін жинап, өткізуден кейін пайда болған. Кейін Тоғжан бұл тәжірибені бүкіл компания бойынша енгізуді ұсынды. Осы бастаманы іске асыру барысында ол адамдардың көпшілігі қалдықтарды сұрыптамайтынын, себебі оны қалай және не үшін істеу керектігін білмейтінін байқаған. Сол сәттен бастап Тоғжан қысқа әрі түсінікті оқыту бейнероликтерін жасау идеясын қолға алған

# Куралай Түсіпекованың бастамалары



- Куралай Түсіпекова — қоғам қайраткері, Қазақстан Республикасының Ұлттық Дельфий комитетінің директоры және Қазақстан халқы Ассамблеясы жанындағы шығармашылық ұжымдар қауымдастығының төрайымы.
- Негізгі бастамалары:
  - 2015 жыл – Халықаралық жастар шығармашылығы фестивалі мен халықаралық этникалық фестивальді ұйымдастырды;
  - 2016 жыл – Есту қабілетінде қиындықтары бар балалар мен жастарға арналған экологиялық лагерь мен орнитологиялық орталық – Қорғалжын экологиялық обсерваториясын құрды;
  - 2019 жыл – Мүмкіндігі шектеулі балалар актер ретінде қатысатын театрдың құрылуына бастамашы болды;
  - 2021 жыл – «Жас орнитолог» қауымдастығының кураторы;
  - 2021 жыл – Қазақстан Республикасының Мәдениет және туризм министрлігі жанындағы Қоғамдық кеңестің мүшесі, сондай-ақ Қазақстан халқы Ассамблеясының мүшесі.

# Климаттық мектеп, қатысушыларының байқау жұмыстары



# Біздің бастамаларымыз

➔ Университеттерде қалдықтарды жинауға арналған контейнерлер орнату – ТДР орталығы жастар арасында экологиялық білім мен саналы тұтыну мәдениетін дамыту мақсатында оқу орындарында қалдықтарды бөлек жинауға арналған контейнерлер орнатуды белсенді түрде қолдайды. Бұл бастама кампустардағы экологиялық жағдайды жақсартып қана қоймай, студенттердің қалдықтарды қайта өңдеуге деген жауапкершілікті көзқарасын қалыптастырады.

➔ Фокус-топтар ұйымдастыру – Өз қызметі аясында ТДР орталығы экологиялық жағдайды жақсарту жолдары мен әйелдер мен жастарды экологиялық жобаларға тарту тәсілдері талқыланған фокус-топтар өткізді. Бұл кездесулер белсенділер, экологтар және жергілікті тұрғындар арасында ашық диалог орнатуға мүмкіндік берген маңызды қадам болды.



# Біздің бастамаларымыз

- Еуро-фестке қатысу – ТДР орталығы әйелдер мен жастарды экологиялық бастамаларға тарту мақсатында түрлі іс-шаралар мен таныстырылымдар ұйымдастырып, Еуро-фест фестиваліне белсенді түрде қатысты. Бұл шара кең аудитория арасында тұрақты даму идеясын насихаттаудың маңызды құралына айналды.
- Аюсайдағы сенбіліктер – ТДР орталығы Аюсай өңірінде тұрақты түрде экологиялық сенбіліктер ұйымдастырады, оған әйелдер мен жастарды белсенді түрде тартады. Сенбіліктер аумақты тазалауға, көркейтуге және табиғатты қорғауға бағытталған.
- Және де басқа да көптеген бастамалар экологиялық жағдайды жақсартуға және түрлі әлеуметтік топтарды тұрақты дамуға тартуға өз үлесін қосуда.



# Практикалық тапсырма



**Сіздің өңіріңізде жастар мен әйелдердің қандай экологиялық бастамалары жүзеге асырылуда?**



**Сіз қандай экологиялық бастамаларды ұсына аласыз?**

# ЭКОДИАЛОГ БӘРІНЕ

Бізге қосылыңыз!



Инстаграм: @ecodialog.kz



Платформа: <https://ecodialogue.kz/>

